

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан халқы Ассамблеясының XXV сессиясына қатысты.

«Жаңғырудың негізі – тұрақтылық, бірлік, келісім» атты тақырыппен өткен биылғы сессияға 1500-ден астам адам қатысты. Олардың қатарында елдің барлық өңірінен келген Ассамблея ардагерлері, республикалық және өңірлік этномәдени бірлестіктердің төрағалары, Парламент депутаттары, орталық атқарушы органдардың, саяси партиялардың, діни бірлестіктердің, үкіметтік емес ұйымдардың басшылары, жоғары оқу орындарының ректорлары, шет мемлекеттердің дипломатиялық миссияларының, ғылыми, шығармашыл зиялы қауымның және БАҚ өкілдері бар.

ЖАҢҒЫРУДЫҢ НЕГІЗІ — ТҰРАҚТЫЛЫҚ, БІРЛІК, КЕЛІСІМ

Жиналғандар алдында сөйлеген сөзінде Елбасы 2017 жыл тәуелсіз Қазақстан тарихында еліміз үшін ерекше жыл болып саналатынын атап өтті.

Жүйелі жаңғыру биыл біздің бүкіл жұмыстарымыздың өзегіне айналды. Біріншіден, экономикалық жаңғыруды қолға алдық. Екіншіден, саяси жаңғыруды бастадық. Үшіншіден, рухани жаңғыруға кірістік. Бұған мен «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаламды арнағанымды білесіздер, – деді Мемлекет басшысы.

Президент бағдарламалық мақаладағы негізгі міндеттерге назар аударып, Қазақстан қоғамының даму кезеңдеріне қатысты ойын ортаға салды.

– Мен ең алдымен болашақ қазақстандықтың болмысын айқындап, қандай болуы қажеттігін атап өттім. Біріншіден, ол – әлемдік бәсекеге қабілетті жасампаз тұлға. Екіншіден, алдына нақты мақсаттар қойып, соған ұмтылатын прагматик, әрі реалист. Үшіншіден, ұлттық бірегейлігін нығайтып, ұлтының дамуын тежейтін барлық нәрселерден бас тартатын адам. Төртіншіден, білімнің салтанат құруын ең маңызды іс санайтын, жаһандық білімнің шыңына шыққан жан. Бесіншіден, тек эволюциялық даму ғана халқының өсіп-өркендеуіне мүмкіндік беретінін жақсы түсінетін саналы азамат. Алтыншыдан, ол – түрлі тілдерді игерген, әлемнің үздік тәжірибелерін алуға және заман талаптарына сай өзгеруге қабілетті, сана-сезімі ашық жан, – Нұрсұлтан Назарбаев.

Сонымен бірге, Елбасы Қоғамдық сананы жаңғырту бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссияның рөліне тоқталып, бағдарламалық мақалада көрсетілген жобалардың терең зерттелуінің маңыздылығын айтты.

Мемлекет басшысы Қазақстан халқы Ассамблеясының рухани жаңғыруға белсене аталысатынына сенім білдіріп, Ассамблея мүшелеріне өз әлеуетін іске асыруға мүмкіндік беретін бірқатар жобаларға тоқталды.

– Бірінші, «Туған жер» жобасы Ассамблея үшін зор мүмкіндіктерге жол ашып береді. Екінші, «Қазақстанның 100 жана есімі» жобасына Ассамблея тікелей қатысып, басы-қасында жүруі керек. Біздің қаншама замандастарымыз, қаншама Ассамблея белсенділері ел игілігі үшін риясыз қызмет етіп жүр. Ұлтына, кәй өңірден екеніне, жанымызға қарамастан, біз олардың барлығын елге таныта білуіміз керек. Мұнда қойылатын талап біреу ғана, ол – азаматтық Қазақстан дамуына қосқан



үлесі. Үшінші. Ассамблея «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасына табысты атсалыса алады, – деді Қазақстан Президенті.

Сондай-ақ, Нұрсұлтан Назарбаев жастардың сана-сезімін қалыптастыру үшін айрықша маңызы бар «Жаңа гуманитарлық білім» жобасын атап өтті.

– Жоба әлемнің жетекші тілдерінен ең үздік оқулықтарды қазақ тіліне аударуды көздейді. Философия, әлеуметтану, экономика, мәдениеттану, шығыстану салалары бойынша ағылшын, орыс, француз, испан тілдерінде және басқа да тілдерде басылған тамаша оқулықтар бар. Оқу процесіндегі ғылыми айналымға олардың енгізілуі отандық білімді жаңа деңгейге көтеретініне сенімдімін, – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы мемлекет пен қоғам алдында тұрған заманауи жаһандық сын-қатерлерге назар аударып, орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға елімізде бейбітшілік пен келісімді сақтау үшін ерекше шешімдер қарастыруды тапсырды.

– Тұтас қоғам да, жеке азаматтар да бейбітшіліктің, тұрақтылық пен келісімінің өздігінен келе

салмайтынын білуге тиіс. Мемлекет ұдайы этносаралық және конфессияаралық процестердің тамырын басып, жіті қадағалап отыр. Ұлттық бірлікті нығайта түсу үшін Қазақстан халқы Ассамблеясы мен барлық мемлекеттік органдар тұрақты, күнделікті жұмыс жасауда, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев қабылданып жатқан шаралардың дұрыстығын және өз уақытында атқарылып жатқанын атап өтіп, Қазақстан халқы Ассамблеясы мен мемлекеттік органдар алдына жаңа міндеттер қойды.

– Бірінші міндет. Жүйелі жаңғырудың мақсаттарына жауап бере алатын қоғамдық сана-сезім қалыптастыру керек. Бұл процесске мемлекет пен азаматтық қоғам, білім беру мен әлеуметтік сала, жеке бизнес пен масс-медиа, бәрі де тартылуы қажет, – деп тапсырды Елбасы.

Мемлекет басшысы екінші міндет ретінде азаматтық бірегейлікті нығайтып, бірлік пен келісімді қамтамасыз ету қажеттігін айтты. Осыған орай, Қазақстан Президенті бірқатар нақты тапсырма берді.

Уәлихан НБРАЕВ,
«Қоғамдық келісім» КММ директоры.

ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЕРЕКШЕ ЖЫЛ

Астанада Бейбітшілік және келісім сарайында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті сессиясында Елбасы биылғы жыл ел тарихында ерекше жыл болып саналатынын атап өтті.

Қазақстан халқы Ассамблеясы мүшелерінің бұл басқосудан күтері көп. Себебі, бүгінде елімізде үлкен бетбұрыс жасалуда. Елбасының бас-тамасымен саяси реформа арқылы биік тармақтары арасында өкілеттіктері қайта бөлінді. Конституцияға өзгертулер мен толықтырулар енгізілді. Енді елімізді жаңа жаңғырулар күтіп тұр.

Бүгінгі сессияда «Бүгінгі Ассамблея тарихы – тұрақтылықтың, татулықтың, бейбітшіліктің пен келісімнің шежіресі. Биылғы Ассамблеяның

сессиясы ерекше мезгілде өткелі отыр. Еліміздің үшінші мүшелге аяқ басуымен бірге бұл аса күрделі кезең. Қазіргі әлемдегі ахуал ел тыныштығы тұрақты дамуын ең маңызды шарты екендігіне көзімізді тағы да жеткізіп отыр. Қиын кезеңде бірлігіміздің ұйытқысы, бастауы ретінде құрылған Ассамблеямыз өзіне жүктелген қастерлі миссияны өте жоғары дәрежеде орындап келе жатыр. Бүгінгі Ассамблея тарихы ол тұрақтылықтың, татулықтың, бейбітшілік пен келісімнің шежіресі болып саналады. Бірліктің киелі бесігі, елді ортақ мақсатқа жұмылдыратын бірегей тетігі», – деді Ұлт көшбасшысы.

Елбасының айтуынша, алдымызға қойған ең

басты мақсат өркендеп өсіп, 2050 жылға қарай жоғары дамыған 30 елдің қатарына қосылу болып отыр. «Сондықтан біз әлемдік ахуал қандай болса, алға қарай ұмтылуымыз керек. Көріп отырсыздар, қанша дағдарыстан өтіп келеміз. Ешпайқасында сүрінгеніміз жоқ, экономиканы төмен түсірмедік. Биыл еліміз кешенді жаңғыруға кірісті. Ошақтың үш аяғындай болатын экономикалық, саяси және рухани бағыттың қай қайсысы да айрықша маңызды», – деді Елбасы.

ТАТУЛЫҚ ТҰҒЫРЫ

Қазақ «Бірлігі бар ел озады, бірлігі жоқ ел тозады» деген. Бүгінде еліміз ырысы мен ынтымағы, бірлігі мен тірлігі жарасқан мемлекет болып орнықты.

Бақыт бағалай білгеннің басына ұялайды. Тыныштық пен өзара түсіністік, сабырлық пен сақтықтың арқасында азы-көпті уақыт бедерінде алаңсыз тіршілік етіп келеміз. Енді әрі қарайғы бағыт-бағдар да – осы.

Елбасының төрағалығымен өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының кезекті XXV сессиясында ширек ғасыр ішінде жеткен жетістіктер еске алынып, Ұлы Дала елінің ұлт болып ұйыса түсуіне, бірлігімізді бекемдеуге сеп болар ұсыныстар айтылды.

Мемлекет басшысының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы өміршеңдігін танытып

қана қойған жоқ, қазіргі таңда одан әрі өрлеу үстінде. Ассамблея дегеніміз – ең алдымен, бірлік пен татулық. Ұлттар арасындағы сыйластықтың гүлдене түсуіне осы құрылымның қосып отырған үлесі зор.

Берекесі мен татулығы жарасқан елдің шаңырағы биік болатыны сөзсіз. Олай болса, ассамблея, ең әуелі, құтты мекеннің бірлігі мен тірлігіне сызат түсірмеуді көздейді. Ал халық бірлігі – мемлекеттілік негізі. Қоғамдық бірлікті ту етіп ұстау арқылы ғана біз алдымызға болашағы күшті, өркендеп, дамыған Қазақстан елі туралы мол мақсаттар қою аламыз.

Гүлчін ГЕЙДАРОВА,
облыстық түрік этномәдени орталығының төрайымы.

МОЛ СУДЫ ӨТКІЗУДЕ МҰҚИАТ БОЛАЙЫҚ

Кеше облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың төрағалығымен жедел мәжіліс өтті. Онда су тасқынының алдын алу жайы талқыға салынды.

Аймақ басшысы кіріспе сөзінде «Шардар» су қоймасынан мол су жіберілуі күтіліп отырғандығын, өңірде су тасқынының алдын алу ел Үкіметі мәжілісінде қаралғанын жеткізді.

– Мәліметтерге сәйкес, 30 сәуір күні Сырдария өзеніне жіберілетін су көлемі секундына 1600 текше метрден аспақ. Синоптиктердің хабарлауынша, мамыр айының 3-і мен 15-і аралығында оңтүстік өңірлерде жауын-шашын мол болады. Бұл өз кезегінде келер суды секундына 1800-2000 текше метрге арттырады. Мұндай төтенше жағдайға тынғылықты дайындық, қатаң бақылау керек, – деді аймақ басшысы.

Қалыптасқан жағдай өңірдегі 56 елді мекенге қауіп төндіруі әбден мүмкін. Облыс әкімінің орынбасары Серік Қожаниязов дария арнасының осал тұстарын қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқанын, қажетті техника мен адам күші жұмылдырылып жатқанын жеткізді. Сондай-ақ, су тасу қаупі туындаған жағдайда тұрғындарды көшіру жайы да пысықталған. Серік Салауатұлы дариядан секундына 1600 текше метр су келген жағдайда оның 600-ден астамын Жаңақорған, Шиелі аудандары қабылдайтынын, қалғаны Қызылорда су торабынан өтетінін хабарлады. Сондай-ақ, көрсеткіш 2000-ға жете қалған күнде де Жаңақорған мен Шиелі аудандарына жауапкершілік жүктеліп отыр. Өйткені, Қызылорда су торабынан өткен мол су қорғаныс бөеттеріне қауіп төндіруі мүмкін.

Мәжілісте аудан әкімдері қалыптасқан жағдайға байланысты атқарылып жатқан жұмыстар мен мәселелерді хабарлады. Айталық, Жаңақорған ауданында 8 қауіпті аймақ бар. Оларда тиісті жұмыстар атқарылуда. Аймақ басшысы барлық аудан әкімдеріне қажетті көмек көрсетілетінін және дер кезінде әрекет етуді тапсырды. Шиеліде де жағдай бақылауда. Су басу қаупіндегі 11 елді мекенде бүгінде қажетті шаралар атқарылуда. Аймақ басшысы өз кезегінде «Күміскеткен» су қоймасын салу қаржысы шешілгендігін, оған қатысты жұмыстарды жеделдетуді тапсырды. Сырдария ауданы әкімі Ғ.Қазантаев ауданда төтенше жағдай жариялауды сұрап, аймақ басшысы сұранысын қанағаттандырды. Өйткені, қауіпті учаскелерді ретке келтіру үшін қаржы керек. Ал, Жалағаш ауданының әкімі Т.Дүйсебаев мол су Ақсу, Шаменов ауылдарына қауіп төндіретінін мәлімдеді. Десе де, тиісті жұмыстар қолға алынған. Қазалы, Қармақшы, Арал аудандарында қауіпті тұстар жоқ емес, бар. Бұл аудандарда да тынғылықты дайындық жүріп жатыр.

Аймақ басшысы қорытынды сөзінде тұрғындардың жағдайға түсіністікпен қарауын, мамандар мен жергілікті билік өкілдерінің тапсырмаларын тыңдау қажеттігін атап өтті. Сондай-ақ, төтенше жағдайдың алдын алу үшін жауапты мекемелерге нақты тапсырмалар жүктелді.

Нағымжан САУЯЕВ.

1 МАМЫР — ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНЫҢ БІРЛІГІ КҮНІ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР БАҒДАРЛАМАСЫ

№	Іс-шара атауы	Мерзімі	Өтетін орны
1.	1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күніне орай «Қазақстан – достық мекені» атты кітап көрмесі	28 сәуір - 3 мамыр аралығы	Ө.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасы
2.	«Бейбітшілік пен бірлік жастары» атты облыстық жастар акциясы	29 сәуір, сағат: 10.00	«Достық Үйі» ғимараты
3.	Қазақстан халқы бірлігі күніне орай мәдени көпшілік іс-шара және ұлттық ойындар мен спорттық сайыстардан жарыстар, жалпыхалықтық серуен	1 мамыр, сағат: 10.00	Қызылорда қаласының орталық алаңы
4.	Облыстық этно-мәдени орталықтардың қатысуымен «Татулық тірегі – Сыр елі» атты форум	1 мамыр, сағат: 10.00	«Достық Үйі» ғимаратының алды (Қызылорда қаласы)
5.	Қызылорда қалалық мәдени-демалыс паркінің маусымдық ашылу салтанаты	1 мамыр, сағат: 11.30	Қалалық мәдени-демалыс паркі
6.	«Менің Елім!» атты облыс жастарының мотошеруі	1 мамыр, сағат: 13.00	«Сыр Ана» монументі мен Тағзым алаңына дейін
7.	«Қазақстан халқының шәй ішу дәстүрі» атты көрме	1 мамыр, 15.00	Облыстық тарихи өлкетану музейі
8.	«Достық әуені» атты облыстық филармонияның «Сыр самалы» вокалды-аспапты ансамблінің концерті	1 мамыр, сағат: 20.00	Қалалық мәдени-демалыс паркі
9.	«Қазақстан – достық шаңырағы» атты салтанатты шара	1 мамыр, сағат: 11.00	Шиелі аудандық орталық алаңы
10.	«Қазақ елі – татулық мекені» атты салтанатты шара, театрландырылған қойылым	1 мамыр, сағат: 10.00	Жалағаш аудандық орталық алаңы
11.	«Менің елім – Мәңгілік ел» атты мерекелік шара	1 мамыр, сағат: 10.00	Қармақшы аудандық орталық алаңы
12.	«Иә, біз бауырлармыз!» мерекелік театрландырылған қойылым, мәдени көпшілік шара	1 мамыр, сағат: 10.00	Сырдария аудандық орталық алаңы
13.	«Елдіктің асыл мұраты – достықтың нұрлы шырағы» атты мәдени көпшілік шара	1 мамыр, сағат: 09.00	Жаңақорған аудандық орталық алаңы
14.	«Қазақстан – татулық пен достықтың мекені» атты достық шеруі	1 мамыр, сағат: 10.00	Арал аудандық орталық алаңы
15.	«Достық әнін жырлайық» атты мерекелік концерт көпшілік серуен	1 мамыр, сағат:20.00	Арал аудандық орталық алаңы
16.	«Ынтымақ – достық кепілі» атты мерекелік шара	1 мамыр, сағат: 10.00	Қазалы аудандық орталық алаңы
17.	Мереке күніне орай барлық қала, аудан, елді мекен орталықтарында театрландырылған қойылым, концерт, мәдени-көпшілік серуен өтеді	28 сәуір - 2 мамыр аралығы	Қызылорда қаласы және аудандарда, елді мекендерде

● БІРЛІК МЕРЕКЕСІ ҚАРСАҢЫНДА

ҚИЫР ШЫҒЫСТАН КЕЛГЕН КЕЛІН

Біздің қазақтың өлшемімен алғанда жердің шеті саналатын, Кеңес одағының Тынық мұхитына ашылған қақпасы – Владивосток шаһары соғыстың соңғы жылдарында Мәскеуден 9172 шақырым қашықтықта болса да, қайнаған тіршілік мекеніне айналған аймақ орталығы еді. Төңкеріске дейін мұнда 65 мыңға жуық халық тұрды. Ал 1940 жылдары тұрғын саны 210 мыңнан асып, 200-ге жуық өнеркәсіп іріні қарқынды жұмыс атқарып тұрған алып қалаға айналды.

Бұл ұлы Сібір теміржолы мен Тынық мұхитына теңіз жолы арқылы шығатын порттымен аты әлемге әйгілі, ғылым мен мәдениеттің орталығы, әскер күші мен өнеркәсібі қарыштап дамыған сәулетті шаһар болатын.

Көктем мен жазда жауын көп жауғанымен, күзде ашық, тынық ауа райы қысқа қысында жанға жайлы табиғатымен ерекшеленетін. Теңіз жағалай 20 шақырымға созылған теміржолдың бойымен жүре қалсаңыз, құрлық беті емен, қарағай, қайыны мен актергей көк тіреген қалың орман. Маңғыжурия жаңағы, жабайы жүзім бағымен көмкерілген теңіз жақ беті майда алтын түсті құм төселген жағажайлары, парк, емдеу-сауықтыру орындарының әсемдігінен көз тұнатын жер шетіндегі ұжымақ қала.

Теңіз беті Сталиннің тапсырмасымен жапон басқыншыларына қарсы құрылған Тынық мұхит әскері-теңіз флотының балық, тіпті кит аулайтын флотиялы кемелерінен көрінбейтін. Біздің кейіпкеріміз 19 жасар Елена бойжеткен – осы жергілікті жердің тұрғыны. Ол бойынң аласалығына байланысты майданға бара алмады. Алайда, хат тасу, почта жұмысының күндіз-түні бітпейтін тірлігі арқылы жеңісті жақындатуға үлес қосты.

Еліктің лағындай елгезек жанды қызметтестері өте жақсы көретін. Теңізге тірелген әсем қаланың тұрғыны Елена жұмыстан қолы босағанда жағалауға соққан теңіз толқындары мен шағаланың азан-қазан шуымен жарыса өлең оқығанды ұнататын. Жас жүрек желкенін жайған кеме жолаушыларын күтетін.

Портты қалаға өнер адамдары көп келетін. Гастрольға келген сыған труппасының көзі от шашқан сұлу әнішіс: – Ей, ұзын шашты сұлу! Мен саған бір ақыл айтайын, тыңдайсың ба? – дегені еді. Тізесіне түскен алтын түсті сары шашын сипап тұрып: «Мына шашыңды жинап жүр, біреу қырқып алар. Шашың қырқылса, бақытың келте болар», – деп еді сонда.

● ҮНТЫМАҚТАСТЫҚ

Аймақта аты әлемге әйгілі «Microsoft» компания-сы сарапшыларының көмегімен жаңа технологияларды меңгерген жоғары білікті мамандар дайындалады. Бұл туралы Астанада облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың «Microsoft Казахстан» ЖШС директоры Рональд Бин-кофскимен кездесуінде белгілі болды. Кездесу бары-сында Қызылорда облысы әкімдігі мен «Microsoft» ком-паниясы арасындағы өзара ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды.

«MICROSOFT» КОМПАНИЯСЫМЕН МЕМОРАНДУМ

– Елбасы Жолдауында тапсырылған міндеттерді «Microsoft» компаниясының құрылымдық операторымен тығыз байланыса отырып жүзеге асырамыз. Біз әлемдік жетістіктерге жақындау үшін «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын озық тәжірибелер мен технологияларды ескере отырып жасауды қолға алдық, – деді аймақ басшысы.

Меморандум Елбасының Жолдауында көрсетілген онлайн қызметтер мен «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасын дамытуды көздейді. Білім беру саласында инженерлік-компьютерлік тех-нологияларды пайдалану, мектеп оқушыларын, студенттерді «Microsoft Қазақстан» www.education.microsoft.com. порталы көмегімен онлайн режимде оқыту мәселелері қарастырылды.

Сонымен қатар, облыстың орта және жоғары оқу орында-ры оқушылары мен студенттері арасында «Microsoft» ком-паниясының өнімдерін пайдалану бойынша кибер-олимпиадалар өткізу, ғылыми-өзістемелік тәжірибелер жүргізу мақсатында Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті ба-засында «Microsoft академияның» кеңесін ашу жоспарлануда.

Екіжақты келісім озық технологияларды меңгерген маман-ларды дайындаумен қатар, аймақтағы оқу орындарының бөсеке-лестігін арттыруға септігін тигізеді.

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЙҚЫН БАҒЫТЫ

Кеше мемлекеттік қызметшілерді және бюджеттік сала қызметкерлерін қайта даярлау және олардың біліктілігін арттыру өңірлік орталығында Мемле-кет басшысы Н.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» тақырыбындағы бағдарламалық мақаласын талқылауға арналған дөңгелек үстел өтті.

Аталған шараға аймағымыздағы жоғары оқу орындарының тәжірибелі педагог мамандары, облыс орталығынан және аудандардан келген мемлекеттік қызмет-шілер қатысты. Жиынды Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология ға-лымдарының кандидаты Аман Абасилов жүргізді.

Елбасының ерекше сипатты бағдарламалық мақаласы туралы өз пікірін білдірген Қызылорда облыстық педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін артты-ру институтының кафедра меңгерушісі Баймырза Қожамбердиев мақалада баса айтылған ұлттық код, ұлттық бірегейлік және прагматизм ұғымдарының мән-мағынасына тереңірек тоқталды.

– Елімізде рухани мәдениеттің алатын орны ерек-ше, бұл орайда ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық құндылықтарымызды қаз-қалпында сақтап, жас ұрпақтың қолына табыстауымыз қажет. Мақалада айтылғандай, ру-хани жаңғырудың негізгі бағыттарының бірі – әлемдік бөсеккеге қабілеттілік. Осыған дейін елімізде «Болашақ» мемлекеттік бағдарламасымен 10 мыңнан астам түлектер шет елдерде білім алды. Міне, осы түлектеріміз жаңа техно-логияны меңгеріп, халықаралық қатынастар мәдениетін та-нып, білді. Біз олардың бүгінгі ғылым мен технология сала-сында бөсеккеге қабілеттіліктеріне сенім артамыз – деді про-фессор.

Қорыта айтқанда, қоғамда болып жатқан барлық құбылыстарды саралап, зерделей отырып, алдымыздағы ұлы мұратымыз «Мәңгілік Ел» идеясын жүзеге асыру бағы-тында жас ұрпақтың рухани танымы, тұлғасы биік азамат болып қалыптасуына барынша назар аударуымыз қажет.

Облыстық ішкі саясат басқармасының бөлім басшысы Ләззат Есімова:



– Елбасының бұл мақаласы елдің санасын дүр сілкіндірген ерекше жаңалық болды. Себебі, мұнда ел дамуының идеологиялық бағыты, рухани жаңғырудың негізгі басымдықтары айқындалған. Демек, мақаланың мазмұнын әрбір қазақстандық сезінуі тиіс.

Сондай-ақ, мақалада «Үш тілде білім беру», «Цифр-лы Қазақстан», «Мәдени және конфессияаралық келісім» бағдарламаларының мақсаты жас ұрпақты ХХІ ғасыр та-лаптарына бейімдеу екені айтылған. Біз де өз тарапымыз-дан осы мәселелерді халық арасында нақтырақ түсіндіру, жапсы мақаланың мазмұнын ақпараттық-насихаттау ша-раларын қолға алдық. Байқағанымыздай, ел тұрғындары бұл саяси жаңалықты жылы қабылдады, – деді.

Дөңгелек үстел барысында облыстық тілдерді оқыту орталығының директоры Нұрсәуле Мұсаева, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақ-стан халқы Ассамблеясы» кафедрасының меңгерушісі Талғат Төлеубаев Мемлекет басшысы ұсынған идеологиялық айқын бағытты іске асырудағы ғылым және білім саласының алдында тұрған міндеттер төңірегінде сөз қозғалды.

Жиынды Аман Абасилов қорытындылап, мемлекеттік тілдің мәртебесі, латын графикасына көшу мәселесіне орай сала маманы ретінде салмақты ой-пікірін ортаға салды.

Ғ.ӨБІЛДА.

Мемлекет басшысы Н.Назарбаевтың «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бөсеккеге қабілеттілік» тақырыбындағы Қазақ-стан халқына Жолдауында құрылыс секто-рын дамытып, оның отандық экономиканың толыққанды драйверіне айналуы тиіс деп міндет қойылып отыр.

Елбасы тапсырмасы бойынша биыл «Нұрлы жер» тұрғын үй бағдарламасы іске асырыла бастады. Бұл бағдарлама ҚР Ұкіметінің 2016 жылғы №922 қаулысымен бекітілген. Бағдарламаның мақсаты халық

Жеке тұрғын үй құрылысын дамыту.

Жолдаудағы тапсырмаға сөйкес 2017 жылы облыс бойынша барлық қаржыландыру көздерінен 2211 пәтерлі 150,3 мың ш.м. құрайтын 40 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысын жүргізіп, пайдалануға беру және «Пайдалануға берілген тұрғын үйлердің жал-пы ауданы» көрсеткішін 518,9 мың шаршы метрге жеткізу жоспарлануда.

Атап айтсақ:

1) «Байтерек Деволюмент» АҚ желісі арқылы барлығы 29,7 мың ш.м. құрайтын 420

«Арай-3», «Сәулет», «Шұғыла» тұрғын ау-

дандарында және Желтоқсан көшесінде жүргізілуде.


- «Арай-3» тұрғын ауданында 5 көп-қабатты тұрғын үй (208 пәтер 15,3 мың ш.м.) - аяқталу мерзімі 2017 жыл;

- «Сәулет» шағын ауданында 1 көпқабатты тұрғын үй (100 пәтер 7,1 мың ш.м.) - аяқталу мерзімі 2017 жыл;

- Желтоқсан көшесінің бойынан 1 көп-қабатты тұрғын үй (33 пәтер -2,3 мың.ш.м.) -

балабақшаның және «Болашақ» университеті ғимаратының құрылысы басталып, инже-нерлік-коммуникациялық жүйелердің, сондай-ақ көше-жол торабының жоба-сметалық құжаттары әзірленуде. Жүйелердің құрылыс жұмыстарын үстеміздегі жылдың I жартыжылдығында бастау көзделуде.

Жоспарға сөйкес Сырдария өзенінің сол жағалауында тімділі инвестициялық кли-матты қалыптастыратын әкімшілік-офис-тік, мәдени-ойын сауық, сауда-көрме, спорттық, коммуналдық, рекреациялық, сондай-ақ мешіттердің, этно орталықтың, 3-4 жұлдызды қонақ үй және элиттік тұрғын үй кешендерінің, білім, денсаулық және әлеуметтік объектілердің, 15,0 мың көрерменге арналған стадионның және тағы



аяқталу мерзімі 2017 жыл.

- «Шұғыла» шағын ауданында 6 көпқабатты тұрғын үй (210 пәтер, 14,8 мың ш.м.) - аяқталу мерзімі 2017 жыл.

Казіргі уақытта Сырдария өзенінің сол жағалауында жаңа қала бой көтеруде. Сырдария өзенінің сол жағалауынан игеру мәселесі 2009 жылы Қазақстан Республикасы Ұкіметінің 2009 жылғы 17 шілдесінде №1087 қаулысымен бекітілген Қызылорда қаласының бас жоспарының негізінде қарастырылған.

Бас жоспардың құрамында әзірленген Қызылорда қаласының қала құрылыстық даму Тұжырымдамасына сөйкес қаланың перспективалық дамуы Сырдария өзенінің сол жағалауындағы бос аумақтарда жүзеге асырылады. Айта кету керек, қала Сырда-рия өзені сияқты ірі су артериясында орна-ласса да, оның әсемдігі қаланың сәулеттік келбетін қалыптастыруға пайдаланылмаған. Қала құрылыстық жоспар бойынша Сырдария өзені Астана қаласындағы Есіл өзені сияқты табиғи тартымдылығы басым болады.

Сол жағалаудың бас жоспары бойын-ша салынатын үйлер мен ғимараттар ұлттық және шығыстық нақышта салынатын болады. Казіргі уақытта 18 тұрғын үйдің, 320 орындық

басқа да объектілердің құрылыстарын жүргізу және көпқабатты тұрғын үй кешендерін салу жоспарланып отыр.

Сонымен бірге, жоба бойынша сол жаға-лауда жаяу жүргіншілерге арналған бульвар-лар, су бұрқартарын, шағын формалар, ландшафттық гүлдермен және әсем бұтақтармен көмкерілген композицияларды, сондай-ақ бульвар бойымен велосипед тебуге арналған жолдар, кафе, ресторандар желісін орнату көзделуде. Жоба бойынша Сырдария өзенінің жағалауын абаттандыруға да аса көңіл бөлінуде. Жоба бойынша оның жағалауы абаттандырылып, көрейтігілетін болады. Сол жағалауда жаңа орталық салу заман талабы, әрі өңірдің өркендеуіне өз ықпалын тигізеді.

Осы игі істердің барлығы елімізді кейінгі ұрпақ үшін бұдан да өсіп-өркендеген елге ай-налдыру, Елбасымыздың Қазақстан халқы алдына қойған мақсаты, Жолдаудың міндет-терінің бірі.

Мұхамедиса ӘЛСЕРІКОВ,
облыстық құрылыс,
сәулет және қала құрылысы
басқармасының басшысы.

ЕРЛІК ЕШҚАШАН ҰМЫТЫЛМАЙДЫ

Тәуелсіз мемлекеттер достастығы басшыларының ұсынысымен 26 сәуір – Радиациялық авариялар мен апаттардың салдарын жоюға қатысушылар мен оның құрбандарын еске алу күні болып белгіленді. Олар өз денсаулығы мен өмірін қиылы, украин халқының басына ауыр күн туғанда қасынан табылып, көмек көрсетті.

Чернобыль атом электрстанциясындағы апатқа биыл 31 жыл то-лып отыр. Осыған орай, қаладағы «Тағзым» алаңындағы Ауғанстан, «Невада-Семей» және Чернобыль құрбандарына арналған ескерткіш маңында еске алу митингісі өтті. Онда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Қуаныш Жанұзақов апаттың салдарын жоюға қатысқан ардагерлерге облыс және қала әкімінің Алғыс хатын табыс етті.

Жиында қалалық «Чернобыль» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Жұмабек Шахатов апат салдарын жоюға қатысқан жауынгерлердің ерлігіне тоқталды.

– 1986 жылдың 26 сәуірінде Чернобыль қаласында атом энергия-сын пайдалану тарихында сан мыңдаған адамның өмірін қиған ең ірі апат орын алды. Бұл – келтірілген залалы мен салдары жөнінен өткен ғасырдағы ең ірі техногендік радиациялық апат. Оның зар-дабы әлі күнге дейін толастаған жоқ. Апат зардабын жоюға 600 мыңға жуық адам қатысты. Оның ішінде 32 мың қазақстандық бол-ды. Ал Қызылорда қаласынан 480 азамат көмекке барды. Әкімшісті, бүгінде олардың 143-і ғана қалды. Барлығы І, ІІ топ мүшелері. Орталық оларды қажетті көмектермен қамтамасыз етіп келеді, – деді ол.

– Бүгінгі шараға Қармақшы ауданынан келіп отырмын. Апаты-то жоғары білді аудандан 30-ға жуық жігіт барып, ескери борышы-мызды өтедік. Жер бетінде мұндай қасірет енді болмасын. Кейінгі ұрпақ елің, ұлттық намысың, салт-дәстүрің қорғайтын азамат-тар болып өссін. Бүгінде екінші топтағы мүшелерің. Жыл сайын сауықтыру шараларынан өтіп тұрамын, – деді Чернобыль ардагері Марат Усенов.

Шара соңында жарқын болашақ үшін қаза тапқан азаматтарға құран бағышталды.

Шынар БЕКБАН.

● БРИФИНГ

Өңірлік ком-муникация-лар қызметінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбаса-ры Нұржамал Мырзағалиева, қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының міндетін атқарушы Ұлболсын Аха-наева, облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мұхамбетова, облыстық жұмылдыру дайындығы басқармасы басшысының орынбасары Ғабит Жаңабев және облыстық ветеринария басқармасының басшы-сы Ерестұл Апетовтің қатысуымен бри-финг өтті.

КЕНЕ – КЕСЕЛ КӨЗІ



Онда тиісті сала басшылары облыста кене энцефалитінің, яғни, Конго-Қырым геморагиялық қызбасынан бір адамның қайтыс болғанын хабар-лады.

Облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының бас дәрігері Айна Мұхамбетованың айтуынша, 1971 жылы туылған қызылордалық тұрғын Шіпейі аудан-ы Сүлүтөбе ауылдық округіне қарасты 15-бекетте өзінің жеке малын бағумен айналысқан. Наукас 20 сәуір күні ауырған, облыстық жұқпалы аурулар ау-руханасына 24 сәуір күні түнде түскен, жүргізілген ем-шараларға қарамастан, наукастың жағдайы на-шарлап, бір тәуліктен кейін қайтыс болған. Наукас үстесін кенені жұлып алмаған, бірақ айналада кене көптігін айтқан.

Брифингте облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаменті басшысының міндетін атқарушы Ұ.Аханаева ағымдағы жылға эпидмаусымға Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруынан энцефалитко-эндемидиологиялық ахуалдың күрделі болып қалыптасып отырғанын айтты. Бүгінгі күні жыл басынан бері облыс бойынша 97 кене шағу

жағдайы анықталып, кенелер белсенділігінің ар-туы байқалған. Облыстағы кененің жұқпалылық көрсеткіші 1,9-ды құрайды екен. Облыс көлемінде 117 қолдасыз елді мекен тізімі бекітіліп, 10 сәуірден бастап кенеге қарсы өңдеу, залалсыздан-дыру жұмыстары қолға алынған.

Мамандардың айтуынша, бүгінгі Айна Жаңақорған ауданы бойынша қолайсыз бо-лып танылған 17 елді мекенде залалсызданды-дыру жұмыстарының бірінші кезеңі аяқталып, екінші кезеңі басталған. Шіпейі ауданы бойынша қолайсыз делінген 28 елді мекенде және Қызылорда қаласы бойынша 7 елді мекенде залалсызданды-ру жұмыстарының бірінші кезеңі жүргізілуде. Со-нымен бірге мұндай жұмыстар бекітілген кесте-ге сөйкес Сырдария, Жалағаш, Қармақшы, Қазалы және Арал аудандарында да жүргізілетін болады. Бүгінде облыс көлемінде кенеден сақтану бойынша түсіндіру, ағарту жұмыстары жүргізілуде.

Айнұр БАТТАЛОВА.

● МЕЗГІЛ МӘСЕЛЕСІ

МӘМС ЖҮЙЕСІН ЕНГІЗУ — АДАМИ КАПИТАЛДЫ ДАМУДЫҢ МАҢЫЗДЫ АЛҒЫШАРТЫ

Елбасымыздың 2017 жылдың 31 қаңтарындағы Қазақстан халқына Жолдауында 5 басым бағыт айқындалғаны бізге мәлім. Түпкі мақсат – әлемдік озық отыздыққа еніп, экономикалық-әлеуметтік даму жағынан экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы елдерінің деңгейіне жету.

Жолдауда осы мақсатқа жетудің бір тетігі ретінде міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу арқылы адами капиталдың сапа-сын арттыру көзделген.

Медициналық сақтандыру жүйесі – әлемдік тәжірибеде өзінің өміршеңдігін көрсетіп отырған үрдіс. Бұл жүйе Еуропаның бірқатар дамыған елдерінде, соның ішінде Нидерландтар, Франция, Германия, Че-хия, Румынияда тиімді жұмыс жасауда. Сақтандыру жүйесі – медицина саласының қаржылық тұрақтылығын қамтамасыз етудің, денсаулық үшін ынтымақтастық жауапкершілік пен жүйенің тиімділігін арттырудың озық үлгісі.

Біздің елімізде «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 80-қадамында міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесін енгізу көзделсе, 2015 жылдың қарашасында «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру туралы» ҚР Заңы қабылданды. Бүгінгі таңда аталған Заң жобасына енгізіліп жатқан өзгерістер мен толықтыруларға байланысты МӘМС қорына жарналарды аудару мөлшерлемелері азайтылып отыр. Атап кететін болсақ: әлеуметтік осал деп танылған 14 санат бойынша мем-лекет аударатын жарна көлемі 2018 жылы – 3,75% , 2019 жылы – 4% және 2022 жылдан бастап 4%-5% аралығында болады, ал жұмыс берушілердің аударымдары 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап – 1%, 2018-2019 жылда-ры – 1,5%, 2020 жылдан бастап – 2% және 2022 жылдан бастап 3% ша-масында, дара кәсіпкерлердің және өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың жарналары 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап екі еселенген ең төменгі айлық жалақының 5% мөлшерінде болады, ал белсенді емес халық бол-са 2018 жылдан бастап ең төменгі айлық жалақының 5% айма-ай аударып отыруға міндетті.

Осыған орай ағымдағы жылдың 1 шілдесінен бастап жұмыс берушілер мен жеке кәсіпкерлер сақтандыру қорына жарна төлеуге кіріссе, 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» өз жұмысын бастап кететін болады.

Жарна төленбеген жағдайда еліміздегі әрбір азаматқа мемлекет тегін медициналық көмектің түрлеріне кепілдік берелді, олар: желел жәрдем және санитариялық авиация, әлеуметтік маңызды бар ауруларға медициналық көмек (онкологиялық аурулар, туберкулез, кант диабет және т.б.), профилактикалық екіпелер (вакцинация), 2020 жылға дейін амбулаториялық- емханалық көмек және амбулаториялық деңгейде тегін дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету (2020 жылдан бастап сақтандыру пакетіне кіреді).

МӘМС қорына жарна аударған жағдайда медициналық қызметтің мына түрлерін: жоспарлы стационарлық медициналық көмек, мейіргерлік күтім, паллиативтік көмек және де 2020 жылдан бастап амбулаториялық-емханалық көмек және амбулаториялық дәрімен тегін қамтамасыз етуді ала алады.

Сондықтан қазірден бастап отбасының әрбір мүшесі үшін қай санатқа жататыны және ол қалай және қанша жарна төлеп, қандай көмек ала ала-тынын алдын ала анықтап алу маңызды.

Егер отбасы мүшесі жұмыс беруші, дара кәсіпкер, жеке нотариус, жеке сот орындаушы, адвокат, кәсіби медиатор, азаматтық-құқықтық шарт негізінде табыс табатын жеке тұлға болса, қорға аударымдар мен жарналарды 2017 жылдың 1 шілдесінен бастап ең аз жалақының 2 есе мөлшерінен 5% көлемінде аударалы, ал жалдамалы қызметкерлердің жар-на төлеуді бастау мерзімі – 2019 жылдың 1 қаңтарынан – 1%, 2020-дан бастап – 2%, ал белсенді емес халық 2018 жылдың 1 қаңтарынан 1 ең аз жалақы мөлшерінен 5% төлей бастауы тиіс.

Әрбір азамат өзін қай санатқа жататынын анықтау үшін республика көлемінде ағымдағы жылдың 5 сәуірінен «Өз емхананды таңда» және «Өз мәртебенді анықта» ұранымен бастау алған жаппай халықтың ҚР МӘМС заңына сөйкес мәртебесін анықтайтын науқан басталды. Осыған орай, облысымыздың әрбір тұрғыны өзі таңдаған және тұрғылықты жеріне мүмкіндігінше ең жақын орналасқан бастапқы медико-санитариялық көмек ұйымына барып тіркелуі және сақтандыру жүйесіндегі өз мәртебесін анықтауы қажет.

Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру денсаулық сақтау саласында тұрғындардың мүддесін қорғауға бағытталған әлеуметтік бағдарлама. Негізгі мақсаты – медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру, денсаулыққа мемлекет, жұмыс беруші және әрбір азамат арасындағы ынтымақтастық жауапкершілікті нығайта оты-рып, денсаулық сақтау саласының қаржылық тұрақтылығын, саланың тиімділігін қамтамасыз ету арқылы түпкі мақсат медициналық қызметтің сапасы мен қолжетімділігін арттыру болып табылады.

Қаржысы МӘМС қоры арқылы өтелегін сақтандыру пакетіндегі медициналық қызмет әрбір азаматтың аударған жарналарының мөлшеріне тәуелсіз тең дәрежеде көрсетілді.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық әлеуетінің маңызды көрсеткіштерінің бірі де бірегейі – ел халқының денсаулық жағдайы мен өмір ұзақтығы екенін ескерсек, елімізде енгізілгені отырған МӘМС жүйесі шынайы бәсекелестік ортаны қалыптастыру арқылы жеке медицинаның дамуына да зор серпін беріп, денсаулық сақтау саласын одан әрі жетілдіруге, әрбір азаматтың сапалы да қолжетімді медициналық қызмет алуға деген конституциялық құқығын барынша қамтамасыз етуге өзіндік үлесін қосары сөзсіз.

Абылайхан РАХЫМОВ,

Медициналық қызметке ақы төлеу комитетінің

Қызылорда облысы бойынша департаментінің бас маманы.

ИММУНДАУ АПТАЛЫҒЫ

24-30 сәуір аралығы облыста им-мундау апталығы болып жариялан-ды. Өңірлік коммуникациялар қыз-метінде өткен брифингте мамандар апталықтың мән-мағынаын айтты.

Осы бір жетіңіз ішінде сырттан келген, тұрғылықты мекен-жайы жоқ, тіркелмеген және жұмыссыз адамдар кез келген емханаға келіп, екпе салды-рамын десе, еш қарсылық жоқ. Облыстық қоғамдық денсаулық сақтау департаментінің бөлім басшысы Олия Ыдырысова жұқпалы аурулардың алдын алудағы тиімді әдіс – вакцина ескіне сендіріп отыр. ХVІІІ ғасырдан басталған иммундау шараларының арқасында 1978 жылдан бері натуралды оспа ауруы мүлдем жойылды. 2002 жыл-дан бастап еліміз полиомелисттен, 2012 жылдан бастап безгек ауруы-нан бос боп саналады.

– Кестеге сөйкес 19 түрлі жұқпалы ауруға қарсы алдын ала егу жүргізіліп келеді. Ол бала дүниеге келгеннен бастап 56 жасқа дейін жалғасады. Иммундау шараларын аяқандар арнайы егу бөлмесінде жасайды, – дейді О.Ыдырысова.

Облыстағы 225 емдеу-сауықтыру мекемесінің 183-е егу бөлмесі бар. Ал шалғай елді мекендердің халқы үшін жылжымалы егу бри-гадасы жабдықталған. Сонғы рет жоспардан тыс егу екі жыл бұрын жүргізіліп, қызылша ауруының эпидемиологиялық ахуалы тұрақтанған болатын.

Вакцинадан бас тартпасаңыз да табылады. Өткен жылы 68 баланың ата-анасы келгенде, биыл І тоқсанда 14 адам балаларына екпе салдырмаған. Мамандар мұның себебін бірінші дінн сеніммен, енді бірінің вакцинаға сенбейтінімен байланыстырады.

Брифингте облыстық жұқпалы аурулар ауруханасының дәрігері Гүлнар Оспанова іш аурулары мен олардан сақтану жолдарын айтып берді.

Н.ҚАЗЫБАЙҚЫЗЫ.

**Қызылорда облыстық орман шаруашылығы
және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының
Арал инспекциясы бөлімінің басшысы.**

